

**"Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2020 жылғы 17 маусымдағы № 251 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 18 маусымда № 20873 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

"Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 бұйрығына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8390 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 7 тамыз № 184 санында (28123)) жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мектепке дейінгі ұйымдар:

- 1) бөбекжай;
- 2) балабақша;
- 3) отбасылық бөбекжай;
- 4) санаториялық бөбекжай;
- 5) мектепке дейінгі шағын орталық.";

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) оқыту бейіні бойынша:

гимназия;

лицей;

бейіндік мектеп (жоғары мектеп);";

2-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) біріктірілген:

"мектеп-бөбекжай" кешені;

"мектеп-бөбекжай-балабақша" кешені;

"бастауыш мектеп - бөбекжай - балабақша";

мектеп-гимназия;

мектеп-лицей;

қосымша білім беру мектеп-орталығы;

мектеп-интернат-колледж;

оқу-сауықтыру орталығы (кешен);  
оқу-өндірістік комбинат (мектепаралық, курстық);  
оқу-тәрбие орталығы (кешен);  
оқу орталығы;  
дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығы.

";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары:

- 1) колледж – школа-интернат
- 2) колледж – мектеп;
- 3) колледж;
- 4) училище;
- 5) кәсіптік даярлау оқу орталығы;
- 6) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған колледж;
- 7) түзету мекемелері жанындағы кәсіптік даярлау оқу орталығы;
- 8) түзету мекемелері жанындағы колледж;
- 9) әскери – техникалық колледж;
- 10) жоғары колледж.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Арнайы білім беру ұйымдары:

- 1) арнайы бөбекжай;
- 2) арнайы балабақша;
- 3) арнайы мектеп;
- 4) арнайы мектеп-балабақша;
- 5) арнайы мектеп - интернат;
- 6) арнайы кешен "балабақша - мектеп – интернат";
- 7) арнайы кешен "мектеп - интернат – колледж";
- 8) психологиялық - медициналық - педагогикалық консультация;
- 9) оңалту орталығы;
- 10) психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті;
- 11) білім беру ұйымдарының жанындағы инклюзивтік білім беруді қолдау кабинеті;
- 12) логопедтік пункт.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдары:

- 1) ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы;
- 2) отбасы үлгісіндегі балалар ауылы;
- 3) қиын өмір жағдайындағы балаларды қолдау орталығы;
- 4) жасөспірімдер үйі (әлеуметтік бейімдеу орталығы);

5) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы."

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш.Т. Кариноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министрдің м.а*

*Ш. Каринова*